




### КЕШЕН ЭТНОАУЫЛҒА АЙНАЛА МА?

5-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



### БІРТУАР ҒАЛЫМ ӘРІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

6-БЕТ | ТҰЛҒА



### ЕЛГЕ ҮЛГІ ӘДІЛБАЕВТАР ӘУЛЕТІ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біздің күшіміз – бірлікте. Жұртымыз басына түскен тауқыметтің бәрін мызғымас бірліктің арқасында жеңіп келеді. Орасан зор сын-қатерлер пайда болған қазіргі заманда ынтымақ-бірліктің маңызы арта түсті. Қазақстан – бәріміздің қасиетті қара шаңырағымыз. Сондықтан әрбір азамат ел тағдырына өз тағдырындай қарауға тиіс. Біздің күшіміз – ынтымақта. Еліміздің әлеуметтік саясаты осы құндылыққа негізделген.

№98  
(4686)  
Сенбі  
17 тамыз  
2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ АЛЫҢЫЗ!

Денсаулық сақтау министрлігі коронавирус инфекциясына мониторинг жүргізу 2022 жылдан бері ЖРВИ және тұмау бойынша қолданыстағы эпид-қадағалау жүйесіне енгізілгенін мәлімдеді.

Мониторинг қазіргі таңда елде респираторлы вирустар, соның ішінде КВИ айналымы да байқалатынын көрсетті. Осы жылдың басынан бері КВИ бойынша 1290 жағдай тіркелді. Қайтыс болғандар жоқ.

ҚР мемлекеттік бас дәрігерінің м.а. 2024 жылғы 16 тамыздағы №7 «2024-2025 жылғы эпидемиялық маусымда тұмау, өткір респираторлы вирусты инфекция (ЖРВИ) және коронавирус инфекциясы (COVID-19) бойынша санитарлық-профилактикалық, санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шаралар өткізу туралы» қаулыға қол қойды.

Қаулыда ЖРВИ, тұмау және COVID-19 бойынша эпидемиялық маусым мерзіміне профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар, соның ішінде 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тұмауға қарсы вакцинация жүргізу қарастырылған.



## BUS LANE ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Елорданың Мәңгілік ел даңғылында Bus Lane іске қосылды. Бөлінген жолақ Ұлы дала даңғылынан Керей-Жәнібек хандар көшесіне дейінгі аралықтағы екі бағытты қамтиды.

Bus Lane жолағы жол кептелісі кезінде қоғамдық көліктің орташа техникалық жылдамдығын арттыруға, қозғалыс аралығын реттеуге және қоғамдық көлік аялдамаларында күту уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Мәңгілік ел даңғылының Ұлы дала даңғылынан Керей-Жәнібек хандар көшесіне дейінгі аралықта №12, 15, 15А, 18, 35, 43, 46, 54, 70 бағдарлар қызмет көрсетеді. Күніне 129 автобус жүреді.



# АСТАНА – СПОРТ ҚАЛАСЫ

8

Елімізде тамыз айының үшінші жексенбісінде Спорт күні аталып өтеді. Бұл – халықаралық ареналарда ел намысын қорғайтын спортшылардың ғана емес, спортпен айналысатын, салауатты өмір салтын ұстанатын барша қазақстандықтың мерекесі. Еліміздегі спорт саласы дамыған өңірдің бірегейі Астана қаласы болып отыр.

## БІЛІМ БЕРУ ЖАҢА ЗАМАНҒА БЕЙІМДЕЛЕДІ

Елордада білім саласы қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз форумы өтті. Жаңа оқу жылының басты міндеттерін айқындаған алқалы жиынның тақырыбы «Digital Kazakhstan: жаңа замандағы білім беру» деп аталды. 2000-ға жуық педагог бас қосқан, 20 мыңнан аса адам онлайн режимде тамашалаған іс-шараға Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев, халықаралық және отандық 30-дан аса сарапшы, мәслихат депутаттары қатысты.



4



## ҮКІМЕТКЕ МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері және Үкіметтің ортамерзімді кезеңге арналған болжамдары қарастырылған кеңес өтті. Жиынға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Ұлттық банк төрағасы, Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы, Үкімет мүшелері және басқа да лауазымды тұлғалар қатысты.

Президентке негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, республикалық бюджеттің биылғы 7 айдағы орындалуы және 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасындағы макроэкономикалық параметрлер жөнінде баяндалды.

Үкімет келесі жылы экономика 5,6 пайыз деңгейінде өсім көрсетеді, ал инфляция 5,5-7,5 пайызға дейін төмендейді деп болжам жасап отыр. Мемлекет басшысы Үкіметке макроэкономикалық көрсеткіштерді болжау және мемлекеттік бюджет сапа-

сын арттыру, орталықтағы және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік шығындарды басымдығына қарай реттеудің нақты механизмін енгізу, сондай-ақ көлеңкелі экономикамен күрес шараларын күшейту туралы міндет жүктеді.

## АВТОБУС ПЕН КІТАБЫН СЫЙЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ақмола өңіріне жұмыс сапары Қосшы қаласындағы 1500 орындық мектеп-гимназияны аралап көруден басталды. Қосшы қаласының жаңа ауданында орналасқан мектеп «Болат Өтемұратов қорының» жеке инвестициясы есебінен салынып, жергілікті білім бөлімінің басқаруына берілген.



«Жайлы мектеп» ұлттық жобасының стандарттарына сай бой көтерген білім ошағында қазіргі кезде екі ауысыммен 2700 бала оқиды. Мектепте 280 орындық акт залы, 360 орындық асхана, 2 спорт залы, информатика, химия, физика, биология, технология және музыка кабинеттері бар. Мектеп директоры Дидар Асқарованың айтуынша, оқушылар тек білім алып қана қоймай,

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында спорт секцияларына және шахмат, тоғызқұмалақ, асық ату, би, хор, фортепиано, домбыра секілді үйірмелерге тегін қатыса алады.

Мемлекет басшысы роботтық техника, мобилография, автомобиль жүргізуді виртуалды үйрену, шет тілі кабинеттерін, мектеп кітапханасын аралап көріп, ұстаздармен және оқушы-

лармен әңгімелесті.

«Қазақстанның озық мемлекетке айналғанын қаласақ, осындай роботтық техника сияқты бағыттарды үйрену керек. Бұл өте қажет. Балаларымыз әрқашан білімді болсын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ұжымға сәттілік тілеп, мектепке өзінің «Әке туралы ой-толғау» кітабын және отандық автобусты сыйға тартты.



Жалпы қаланың бас жоспары аясында 1,5 миллион шаршы метр тұрғын үй мен 45 әлеуметтік нысанның құрылысы жоспарланған. Соңғы екі жылда қалада үш мектеп пайдалануға берілді. Тағы бір мектеп құрылысы аяқталуға жақын. Алдағы уақытта «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында үш білім ошағын, сондай-ақ екі балабақша салу көзделген.

Денсаулық сақтау саласында бір мемлекеттік емхана, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде екі емхана жұмыс істейді. Қала әкімі қазіргі кезде жекеменшік инвестиция есебінен жанында 1000 келушіні қабылдайтын емханасы бар 300 орындық көпбейінді аймақтық аурухана салынып жатқанын жеткізді. Жаңа ауруханада терапия, онкология, неврология және перзентахана бөлімшелері болады. Медициналық мекеме тек Қосшы халқына ғана емес, жақын маңдағы аудандардың тұрғындарына да қызмет көрсетеді деп жоспарланып отыр.

Биыл мамыр айында «Алап» дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Кешенде балаларға және ересектерге арналған бассейн, жаттығу және спорт

## ДАМУ ЖОСПАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Президентке елордаға іргелес орналасқан Қосшы қаласының инфрақұрылымдық даму жоспары таныстырылды. Қосшы қаласының әкімі Гайдар Қасеновтің айтуынша, елді мекенге 2021 жылы облыстық маңызы бар қала мәртебесі берілгеннен кейін тұрғындар саны 110 мың адамға жеткен.

залдары бар. Ал Қосшы тұрғындарының игілігіне келесі жылы берілетін Қоғамдық мәдени-спорт орталығында интерактивті білім беру бөлімі, спорт залы, теннис, баскетбол, футбол, волейбол алаңдары, кинотеатр, көрме залы, кітапхана, дәрісхана, амфитеатр ашылады.

Мемлекет басшысы Қосшы қаласында құрылыс жұмыстары қарқын ала бастағанын ескере отырып, облыс әкіміне елді мекендегі инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту және газ құбырын тарту мәселелеріне айрықша мән беруді тапсырды.

### ЖАРТЫЛАЙ ФАБРИКАТТАР ӨНДІРСІНЕ БАРДЫ

Мемлекет басшысы Ақмола облысына жұмыс сапары

барысында Қосшы қаласында биыл іске қосылған «IL-TOV» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндіріс алаңын аралап көрді. Кәсіпорында құс етін терең өңдеп, тез дайындауға болатын түрлі тағамдар шығарылады. Шикізат облыстағы құс фабрикаларынан жеткізіледі. Жартылай фабрикаттар ішкі нарықта ғана сатылмайды, сонымен қатар Еуразия экономикалық одағына мүше елдерге экспортталады.

Qazaqstan Investment Corporation қоры арқылы мемлекеттің қаржылай қолдауына ие болған жоба 85 жергілікті тұрғынды жұмыспен қамтып отыр. Кәсіпорын директоры Михаил Шейнкман бұл өндірістік кешеннің бастапқы кезеңі екенін айтты. Келешекте қосымша 10 миллиард теңге



ауылдың тыныс-тіршілігімен танысудың реті болмай жүреді. Бұл – өте үлкен әрі барлық көрсеткіш бойынша үздік шаруашылық. Баршаңызға бақ-береке тілеймін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент Родина ауылының «Наша родина» супермаркетін, «Достық» саябағы мен жалпы орта білім беретін мектебін аралап көрді.

### ҮЛГІЛІ ШАРУАШЫЛЫҚҚА АТ БАСЫН БҰРДЫ

Президент «Родина» агрофирмасының өндірістік нысандарымен танысты. Мемлекет басшысы агрофирманың №1 сауын цехы мен сүт зауытына барды.

Мұнда «GEA» фирмасының «Елочка» қондырғысы орнатылған. Аталған құрылғының көмегімен бір мезгілде 32 сырды қатар саууға мүмкіндік бар. Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэр серіктестіктің сүт бағытын дамыту жоспары туралы баяндады. Сонымен қатар жаңа сауын цехы салынып жатқанын жеткізді. Бұдан соң Президент Родина ауылындағы сүт зауытын аралап көрді. Мемлекет басшысына индустриаландыру бағдарламасы аясында іске қосылған нысандағы өндірістік процесс таныстырылды. Заманауи қондырғылармен жабдықталған әрі озық еуропалық технологиямен жұмыс істейтін кәсіпорын тәулігіне 50 тонна сүт өндіреді. Сонымен қатар сүт өнімдерінің бірнеше түрін шығарады. Қазір мұнда 36 адам еңбек етеді.

Президент зауыт жұмысшыларымен әңгімелесіп, «Родина» агрофирмасының үлгілі шаруашылық екенін айтып, жүйелі жұмысты одан әрі жалғастыра беруге шақырды. Жалпы Ақмола облысында сүт өнімдерін шығаратын 15 кәсіпорын бар. Сонымен қатар өңірде 7 тауарлы сүт фермасы салынып жатыр. Осы бағыттағы жобаларды қаржыландыруға 13,3 миллиард теңге бөлінген.

## ӨЖЕТ ЖАНҒА АЛҒЫС АЙТТЫ



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек көпқабатты тұрғын үйде шыққан өрттен қызды құтқарып қалған Алтынбек Алтаевпен және оның ұлымен кездесті.

Осыдан бірнеше күн бұрын Сығанақ көшесіндегі көпқабатты тұрғын үй кешеніндегі пәтерлердің бірінде өрт шығып, отқа оранған бөлмеде қалған 15 жасар қыз құтқарылған еді. Апаттың үстінен шыққан Алтынбек Алтаев қызыл жалынға оранған пәтерді көргеннен кейін балконнан өртеніп жатқан терезеге еш ойланбастан секіріп кірген.

«Оның осындай жауапты сәтте үрейге бой алдырмай, қауіпке бел бұғаны таңғалдырады әрі бұл әрекеті құрметке лайық! Тұрғындарымыздың қысылтанып сәтте шет қалмай, көмекке ұмтылатынын мақтан тұтамыз!» деді Жеңіс Қасымбек.

Жеңіс Қасымбек басын қатерге тігіп, жасөспірім қызды құтқарған азаматқа 2 млн теңгеге сертификат табыс етті.

**Шапағат  
ӘБДІР**

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Алматы ауданы әкімінің аппараты мен Amanat партиясы бірлесіп өткізген бұл акция аясында А1 көшесінің бойында орналасқан қар полигонын қоқыстан тазарту жұмысы жүргізілді.

– Аталмыш іс-шара Amanat партиясының белсенді мүшелері, мердігер ұйымдардың және жергілікті белсенділердің қатысуымен өтіп жатыр. Жалпы тазалық

жұмысына 10 мамандандырылған техника жұмылдырылды. Соның нәтижесінде 150 тоннадан астам қоқыс шығарылды, – деді Алматы ауданы әкімі аппараты өндіріс-техника бөлімінің бас маманы Үсен Нұрғазы.

Айта кету керек, ауқымды экология акциясы аясында қаланы, нөсер және арық кәріз желілерін санитарлық тазалау, көшелерді, тротуарларды, орамшілік аумақтарды, қоғамдық орындар мен аулаларды тазалау жұмысы да жүріп жатыр.



## МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕСІ БАСТАЛДЫ



«Бұл жәрмеңке балалар мен ата-аналарға арналған тауарлар мен қызметтерді бір алаңда біріктіруге мүмкіндік береді. Биыл үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Соңғы екі жылда жәрмеңкенің тауар айналымы 140 млн-ға жетті. Бұл жәрмеңкенің кәсіпкерлер мен ата-аналарға тиімді екенін көрсетеді» деді Дәулет Қуандықұлы.

Сонымен қатар салтанатты шарада «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы атынан әлеуметтік осал топ отбасыларынан шыққан 40-қа жуық балаға ішінде кеңсе тауарлары салынған мектеп сөмкесі берілді.

Жәрмеңкеде мектеп керек-жарақтары мен балалар тауарларын сатып алып қана қоймай, келушілер үшін ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды. Атап айтқанда, шахмат бойынша шеберлік сабақтары өтіп, балалар шығармашылық студияларының қойылымдары ұсынылды. Балалар сән көрсетілімдері мен аниматорлар өнер көрсетті. Сонымен қатар келушілер арасында ұтыс ойыны өткізілді. Онда спорттық велосипед, кеңсе тауарларының толық жиынтығы бар мектеп арқақоржындары, тегін балмұздаққа 500 купон ойнатылды. Айта кетейік, жәрмеңке 18 тамызға дейін жалғасады.

**Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ**

Елордадағы EXPO халықаралық көрме орталығының алаңында жаңа оқу жылы қарсаңында «Kids EXPO. Балалар әлемі» мектеп тауарлары жәрмеңкесі басталды. Жәрмеңкені Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «QazExpoCongress» ҰҚ АҚ ұйымдастырды.

Мұнда 3 күннің ішінде отандық тауар өндірушілер, компаниялар мен ірі брендтер, барлығы 70-тен астам кәсіпкер өз тауарын сатуда. Ашылу салтанатына Есіл ауданының әкімі Дәрменияр Қыдырбеқұлы қатысып, барлық кәсіпкерге алғысын білдірді.

«Есіл ауданы әкімдігінің тарапынан осы жәрмеңкені ұйымдастыруға қолдау білдірген «QazExpoCongress» ұлттық компаниясына және елорда кәсіпкерлеріне алғысымды білдіремін. Балаларды мектепке дайындау – әрбір отбасы үшін маңызды шара. Сондықтан бұл жәрмеңке барша ата-анаға тиімді болады деп сенеміз» деді аудан әкімі.

«QazExpoCongress» ұлттық компаниясы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Дәулет Қуандықұлы жәрмеңке осымен үшінші жыл ұйымдастырылып отырғанын атап өтті.



## ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Бас қаладағы Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысты жиын өтті.

Оған ҚР Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев, Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Ербол Мырзобосынов, Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының директоры Бақдәулет Сәбитов, V

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі дирекция басшысының орынбасары Мұратбек Қыпшақбаев, сондай-ақ федерация президенттері мен бас жаттықтырушылар қатысты.

Отырыста V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыру және ұлттық құрама спортшыларының дайындығы сөз болды.


«Биыл елімізде өтетін ірі додалардың бірі V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары екені белгілі. Дүбірлі доданың басталуына да санаулы күндер қалды. Ойындарға әлемнің түкпір-түкпірінен, соның ішінде көшпенді емес елдерден де коман-

далар қатыспақ. Сондықтан көшпенділер бәсекесін абыроймен өткізуге бар күшімізді жұмсау керек» деді ҚР Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев.

Федерация басшылары мен бас жаттықтырушылар спортшыларымыздың дайындығы жоғары деңгейде екенін және дүбірлі додада жақсы нәтиже көрсетуге тырысатынын айтты.

## ҚАУІПСІЗДІК БЕЛГІЛЕРІ ОРНАТЫЛДЫ

Бас қалада мектептер мен балабақшалардың жақын маңындағы көше-жол желісіне тексеру жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты жазды.



«Елордалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті органмен, Астана ПД әкімшілік полиция басқармасымен, сондай-ақ аудандық әкімдіктермен бірлесіп, балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде жыл сайын жалпы білім беретін және мектепке дейінгі оқу орындарының тікелей маңындағы көше-жол желісіне тексеру жүргізеді» делінген хабарламада.

Зерттеу негізінде жалпы білім беретін мектептердің балалар қа-

уіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді. Жалпы білім беру ұйымдарында ҚР СТ 1412-2017 «Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары» стандартының талаптарына сәйкес жол инфрақұрылымымен жарақтандыру бойынша жұмыс жүргізілді. Сонымен, білім беру мекемелерінің жанында 370 «балалар», 593 «максималды жылдамдықты шектеу», 302 «жасанды бұзушылық», 830 «жаяу жүргіншілер өткелі» белгілері орнатылған.



№98 (4686) 17/08/2024 Сенбі

Индира  
БЕРЖАНОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заман талабына сай түрленген форумда жасанды интеллект әлеуеті мен оның білім беру ісіне тигізетін әсері талқыланды. Іс-шара аясында «Цифрлы білім берудің болашағы» атты көрме ұйымдастырылып, білім саласында сапалы контентті қамтамасыз етуге бағытталған жаңа технологиялар мен электронды зертханалар ұсынылды.

Жиында сөз бастаған елорда әкімі Жеңіс Қасымбек астаналық білім беру сапасын арттыратын негізгі мәселелерге тоқталды.

«Елорданың білім беру жүйесінің негізгі ерекшелігі – қарқынды дамуы. Қала өсіп келеді, жылына 35 мыңнан аса бала өмірге келеді. Тұрғындардың жыл сайынғы өсімін ескере отырып, елордада мектептер көптеп салынып жатыр. Қазіргі уақытта екі ауысымда 100 мыңға жуық оқушыға арналған 30-дан астам мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жаңа оқу жылы ішінде 20-дан астам мектеп ашылады. Олардың бір бөлігі – жайлы мектептер. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 90 мың оқушы орнына арналған 24 жайлы мектеп салынады» деді Ж.Қасымбек.

Биыл жоғары оқу орындарына 850-ге жуық грант бөлінді. Жалпы бірдей оқыту аясында 12 мыңнан астам оқушы көмек алды. Ал материалдық көмек мөлшері 43 мың теңгеден асады. Сонымен қатар мектеп киімін сатып алуға арналған өзге де бағдарламалар бар, оның ішінде демеушілік қаражат та тартылады. Астанада 4,5 мың орынға арналған 6 студенттік жатақхана салынады. Тағы 4 университетке жатақхана салу үшін жер телімі бөлінді. 2025 жылы 2 жатақхана пайдалануға беріледі.

**БАЛАБАҚША ТАПШЫЛЫҒЫ ШЕШІЛЕ МЕ?**

Жиында Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев осыған дейін атқарылған жұмыстар мен жаңа оқу жылындағы жаңалықтар жөнінде баяндады.

«Биыл білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жаңа моделі қалыптасты. Жаңа оқу жылынан бастап «Цифрлы ұстаз» жобасын іске асыру шеңберінде аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушылармен жұмыс жанданды. Кез келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды дәріптеуге байланысты. Осы бағыт шеңберінде барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы өткен жылы табысты іске асты.

Астана қаласы бойынша әлі де балабақша тапшылығы мәселесі бар. Бүгінде 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 81 пайызды құрайды (мектепке дейінгі ұйымдарға кезекте тұрған бала саны – 57283). Бұл мәселені шешу мақсатында 2025 жылға дейін 10 балабақша ашу жоспарланған. Сонымен қатар әлеуметтік осал топқа жататын отбасындағы 97000 бүлдіршін тегін тамақпен қамтамасыз етілді. Оның 11712-сі – Астана қаласының балабақшаларында» деді министр.

Биыл елордада 68953 баланы қамтитын 547 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Сонымен қатар қалада жекеменшік балабақшаларға мемлекеттік тапсырыс орналастырылады. 2023 жылы 224 жекеменшік балабақшаға 10317 орынға мемлекеттік тапсырыс берілсе, осы жылы тағы қосымша 10 мыңнан астам орын беріледі.



## БІЛІМ БЕРУ ЖАҢА ЗАМАНҒА БЕЙІМДЕЛЕДІ



БИЫЛ ЕЛОРДАДА

**68 953**БАЛАНЫ ҚАМТИТЫН  
547 МЕКТЕПКЕ  
ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ  
ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА

**282 000**АСТАМ ОҚУШЫНЫ  
ҚАМТИТЫН**187**МЕКТЕП ЖҰМЫС  
ІСТЕЙДІ.

АСТАНАДА

**4 500**ОРИНҒА АРНАЛҒАН  
6 СТУДЕНТТІК ЖАТАҚ-  
ХАНА САЛЫНАДЫ**АСТАНАДА МЕКТЕПТЕР  
САЛЫНАДЫ**

Форум барысында Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев елордадағы үш ауысымды мектептердің мәселесін шешу, жаңа салынып жатқан «Жайлы мектептердің» ерекшеліктері мен қосымша білім беру ұйымдарының жаңалықтарына тоқталды.

«Қазіргі уақытта қалада 282 мыңнан астам оқушыны қамтитын 187 мектеп жұмыс істейді. Соңғы төрт жылда Астана қаласында заман талабына сәйкес бірегей оқу кабинеттерімен жабдықталған мектептердің қатары көбеюде. Осылайша, биыл жыл соңына дейін 6 үш ауысымды мектептің және бала саны шамадан тыс 9 мектептің мәселесі шешіледі.

Астанада 13 қосымша білім беру ұйымы, 135 филиал және 8 community орталығы жұмыс істейді. Қосымша біліммен қамту 81,5 пайызды құрайды (оқушы саны – 213556). Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап 30 мектепте 1-сынып оқушыларына «Шахмат» курсы енгізіледі.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2029 жылға дейін қосымша білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында заманауи Оқушылар сарайлары салынады. Олардың екеуі – «Sana» және «Sana sport» биыл пайдалануға берілді» деді Қ.Сенғазиев.

**КОЛЛЕДЖДЕРДЕ –  
ЖАҢА МАМАНДЫҚ**

Қалалық басқарма басшысы техникалық және кәсіптік білім берудің беделін арттыру бүгінгі білім беру жүйесінің өзекті міндетінің бірі екенін баса айтты.

«Жыл сайын қалада мемлекеттік колледждердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға көңіл бөлінуде. Биыл 3 колледж (Техникалық колледж, Көлік және коммуникация жоғары колледжі, Astana Polytechnic жоғары колледжі) заманауи жабдықтармен жарақтандырылады. Сонымен қатар қалаға керек мамандықтар бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде, хаус-мастер, ландшафт дизайнері, флорист-гүл өсіруші мамандықтары ашылды. Сонымен қатар техник-гидрогеолог ма-

мандығы ашылатын болады» деді Қ.Сенғазиев.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, Астана қаласында студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі әлі де маңызды. Бүгінде елорда бойынша жатақханаларға қажеттілік 1291 төсек-орынды құрап отыр. Осы мақсатта мемлекет тарапынан білім алушыларға хостелдерде орын берілді. Алдағы уақытта жатақханалар саны арта түспек. Қазірдің өзінде 938 орындық жатақхана құрылысы жүруде.

2024 жылдың қыркүйегінен бастап колледж студенттерінің стипендиясы тағы 50 пайызға ұлғаяды.

**БИЫЛҒЫ  
ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР  
ҚАНДАЙ?**

«Елорданың білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында жаңа жылда бірқатар мектеп базасында IT-құзыреттілік орталықтарын ашу жоспарланған.

Білім беру процесінде цифрлы технологиялар мен жасанды интеллектті қолданудың кеңеюіне байланысты жаратылыстану-математикалық цикл педагогтары үшін IT құзыреттіліктері бойынша біліктілікті арттыру жұмысы жүргізіледі.

Елорданың мектептері мен университеттерінің бірлескен «турникетсіз күн» жобасы енгізіледі. Оның аясында жоғары сынып оқушылары университеттерде зертханалық сабақтарға қатысып, таңдалған тақырыптар бойынша профессорлардың дәрістерінде білім алады. Бұл, бір жағынан, болашақ мамандықты таңдауда түлектерді ынталандырса, екіншіден, цифрлы технологиялар пәні бойынша білім алуға қосымша мүмкіндіктер ашар еді» деп бөлісті басқарма басшысы.

«Біртұтас тәрбие» бірыңғай тәрбие бағдарламасы шеңберінде ұлттық құндылықтарды оқу процесіне енгізу жалғасады. Ол үшін бірқатар мектепте тәрбие жұмысы бойынша арнайы

құзыреттілік орталықтары ашылады. Сондай-ақ ұстаздарға сабаққа дайындық кезінде кәсіби көмек көрсету мақсатында әдістемелік орталық базасында Astana digital mektebi цифрлы платформасы іске қосылмақ.

«Өткен оқу жылында кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында сынақ ретінде 50 мектепте педагогикалық сыныптар ашылды, бұл біздің балаларымызға болашақ мамандықты таңдауда жақсы серпін берді. Бүгінгі таңда педагогикалық сыныптардың 300-ге жуық түлегі мұғалім мамандығын таңдап отыр. Биыл сол қағида бойынша IT технологияларды тереңдетіп оқыту бойынша инженерлік сыныптар ашамыз» деді Қ.Сенғазиев.

**БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ –  
БІРІНШІ ОРЫНДА**

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың құқығын қорғау – мемлекеттің басым міндеті. Биыл әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты қабылданған жаңа аясында бала құқығы жөніндегі өңірлік уәкілдердің мәртебесі бекітіліп, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсетудің арнайы бағдарламасы әзірленді. Бұл туралы Астана қаласының бала құқықтары жөніндегі уәкілі Әсіма Бимендина айтып, төтенше жағдайдың алдын алу үшін ата-ана мен мектеп бірлесуі керектігін атады.

«Жаңа оқу жылындағы біздің басты міндетіміз – бала қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, оларға барлық жағдай жасау. Қауіпсіздік балабақша ауласынан, мектепке және колледжде бара жатқан жолдан басталады. Осы жылы қалада балаға қауіпті түрлі жағымсыз оқиға орын алды, сондықтан бұл бағытта жұмысты барлығымыз күшейтуіміз қажет.

Астана қаласы бойынша балабақшалардың, мектептердің бейнебақылау жүйесі Полиция басқармасының жедел орталығына 100 пайыз қосылған, барлығында дабыл түймесі мен турникет орнатылған, түгелдей күзет ұйымының жедел диспетчерлік пунктіне қосылған. Бұл – қуантарлық жайт» деді спикер.

Форум аясында түрлі тақырыптағы панельдік сессияларда педагогтар мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беруде цифрлы технологияларды кеңінен қолдану, ақпараттық білім беру платформаларының қыр-сырын білу және білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелерін шетелдік және отандық сарапшылармен бірге талқылады. Сонымен қатар астаналық ұстаздар Оқу-ағарту министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» атындағы төсбелгісімен, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.



# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰПАЙЫМЫЗДЫ ТҮГЕНДЕЙ МЕ?

Биылғы көктемде Астана қаласы мәслихатының отырысында елордада мәдени туризмді дамыту мәселесі талқыланды. Сол жиында мәслихат депутаты Владислав Сергеев «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешенін этноауылға айналдыру ұсынысын жеткізді. Оның пікірінше, ашылғанына 23 жыл болған аталмыш кешен өзінің тарихи миссиясын атқарып бітті, ал картаның тұрған орны қалада этнотуризмді өрлетуге аса тартымды, маңайында қала қонақтары көп баратын Мемлекеттік ту алаңы, Ailand отбасы демалыс орталығы орналасқан. «Атамекенді» жаппай, кешен аумағында ұлттық құндылықтарды насихаттауға болады екен. Бұған бастама жасалды.

**Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ**

Осы жаздың басында Ерубай Исатаев есімді азамат кешенге кіреберіске қос киіз үй тікті. Онда ұлттық тағамдардан дәм татып, киіз үй жабдықтарымен қатар домбыра секілді ұлттық аспаппен, қазақ батырлары ұстаған бес қарумен танысуға болады.

Осындай киіз үйлер Ақмол кентіндегі «АЛЖИР» мемориалды мұражай-кешені аумағына да тігілді. Оның насихатына Астана қаласы әкімдігі Бірлескен мұражайлар дирекциясының қызметкерлері үлес қосып отыр. «Атамекен» де, «АЛЖИР» де дәл осы мекемеге қарайды. Дирекция мамандарының айтуынша, аталмыш кешендерге шетелдіктер көп келеді. Сонда қызметкерлер оларды киіз үйлерге қарай бағыттап жібереді. Мәселен, біз барған күні Сингапур елінің азаматтары келді. Оларды дирекция маманы Қабиден Қуанышбай ертіп әкелді.

«Көбінесе киіз үйіміз қаланың шетіне тігіліп, жетім баланың күйін кешеді. Наурыз мерекесі кезінде ғана төрге шығады. Киіз үйді қазақтың жаны десек болады. Қазір кейбір компьютер клубтары, мейрамханалар мен дәмханалар шаңырақ, кереге сияқты

киіз үй элементтерімен безендіріліп жатады. Осы жағы, яғни бұл нысандардың қазақы нақышта болғаны қуантады. Ал өкініштісі, киіз үйді тігу мерзімі қысқа, тек көктем, жаз айларында ғана тігіледі. Бірақ біз киіз үйлерімізді қыста да жұмыс істейтін етеміз бе деп отырмыз. Тиісті рұқсатты алдық, жылыту секілді амалдарды да ойластырып жатырмыз» дейді Ерубай Исатаев.

Оның айтуынша, шетелдіктердің киіз үйлерге, ұлттық тағамдарымызға ықыласы ерекше. Мәселен, жақында «АЛЖИР»-де болған Ресей азаматтары қазақы үйлерге кіріп, ұлттық тағамдардан дәм татты. Риза болғандары сонша, түскі уақытта келіп, кешке қарай бір-ақ шыққан.

«Кезінде Оразқұл Асанғазы

Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасының басшысы болғанда бас қалада этноауыл ашуды ұсынды. Бес қаруды сол уақытта арнайы жасаттым. Бірақ сол кезде бұл ұсыныс өтпей қалды. Енді жүзеге асып жатқан сынайлы. Биыл елордада Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Оның өту мерзімінде киіз үйімізге келетін қонақтар саны көп болады деп шамалап отырмын» дейді Ерубай Исатаев.

Айтқандай, Дүниежүзілік көшпенділер ойындары уақытында елорданың «Қазанат» ипподромы аумағында «Көшпенділер әлемі» атауымен этноауыл орналасады. Қалалық мәслихат отырысында мұның жайы да қозғалды. «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі

кезінде дәл осындай этноауыл жұмыс істегені белгілі. Алайда көрме өткеннен кейін этноауыл жабылды. Мәслихат депутаты Владислав Сергеев көшпенділер ойындары аяқталған соң да жабыла ма деп сұрады. Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжановтың айтуынша, ойындар өткеннен кейін де этноауыл жұмыс істей береді. Онда жәрмеңкелер ұйымдастырылады.

«Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешені қоғамды Қазақстанның бай мәдени және рухани мұрасымен, тарихи-мәдени және рухани құндылықтармен таныстыру, қазақстандық мәдениеттің жетістіктерін насихаттау, мәдени құндылықтарды



сақтау және арттыру мақсатында құрылған еді. Алайда кешен күн суытқанда жабылып, жылдың жылы мезгілдерінде ғана жұмыс істейді. Оның аумағында киіз үйлер қысы-жазы қызметін ұсынса, одан ұтпасақ, ешкім ұтылмайды.

Жақында газетімізде «Ішкі туризм күшті туризм болмай тұр» мақаласы («Astana aqshamy» газеті, №94 (4682), 8 тамыз, 2024 жыл) жарық көрді. Сонда гид қызметкері Қымбат Тастанбек Астанаға келген шетелдік туристердің көбінде қазақтың тұрмыс-тіршілігін көрсететін орындарда демалып, саяхаттағысы келетінін айтқан еді.

«Мен осы Астана қаласында ұзақ жылы бойы гид болып жұмыс істеп келе жатырмын. Сонда бір байқағаным, көбінде елордамызға келген шетелдік қонақтар ұлттық асханаларымыздың қымбат екенін айтып жатады. Екінші жағынан, біз-

ге қазақтың ұлттық үлгіде жасалған қонақүйлері бар ма деп сұрайды. Міне, сол кезде біз қай жерді көрсететінімізді білмей жатамыз. Менің ойымша, енді қаланың маңайынан қазақы нақышта жасалған, іші де қазақ киіз үйлерінің үлгісіндегі қонақүйлер болса тіпті де керемет болар еді. Әрі тағамдары мен жатын орны да қолжетімді болса, онда біздің қаламызға туристер тіпті де көп ағылып келер еді» деген еді ол.

Ал «Атамекен» кешені аумағында дайын киіз үйлер тұр. Олар күнделікті сағат 23.00-ге дейін ашық тұрады. Сонда ұсынылатын тағамдар да қалтаға ауырлық тигізбейді, 3-4 мың теңгеге тойып шығуға болады. Тұрақты клиенттерге жеңілдік те бар. Иесі Ерубай Исатаевтың айтуынша, оларды тігудегі мақсат – кәсіпін дөңгелету ғана емес, ұлттық құндылықтарды насихаттау, туристерді тарту.



## ОТБАСЫ САЯСАТЫН БЕРІК ЕТЕТІН КОМИССИЯ

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі басымдығы – сәтті жүргізілген отбасы саясаты. Бүгінде Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия осы бағытта жұмыс жүргізеді. Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен төрағалық ететін комиссия мүшелері 2024 жылға бекітілген жұмыс жоспарын жүзеге асыру үшін қаланың дағдарыс орталықтары базасында кездесулер мен көшпелі отырыстар, «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында азаматтарды қабылдау және басқа да кең ауқымды іс-шараларды тұрақты өткізеді.

**Райхан  
РАХМЕТОВА**

Бүгінде аталған комиссия құрамы жаңарып, 33 адамнан тұрады. Олардың қатарында қалалық мәслихат депутаттары, қалалық басқарма басшылары, ҚР мәдениет қайраткерлері, үкіметтік емес сектор, түрлі қоғамдық және жеке қор өкілдері, әйелдер кәсіпорындары мен дағдарыс орталықтарының директорлары, жергілікті полиция қызметінің өкілдері, журналистер бар. Комиссия құрамында осындай тұлғалардың кең ауқымының қамтылуы әйелдер құқығы мен мүмкіндіктерін қорғау, отбасы-демография саясатын нығайту саласындағы көптеген мәселені кеңінен қамтуға септік етеді.

– Елордадағы халықтың 52,3 пайызын әйелдер құрайды, бүгінде қалада 1472027 тұрғын болса, соның ішінде 772434 адам – әйел, 14-35 жас аралығындағы жас әйелдер саны – 250507 адам. Елордалық әйелдер қоғамның түрлі саласында еңбек етіп, Астана қаласының

әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірін дамытуға айтарлықтай үлес қосуда. Оның үстіне, елорда табысының көбі әйелдермен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда қалада мемлекеттік қызметте жалпы әйелдердің 50 пайызы еңбек етеді, қалалық мәслихаттағы әйелдердің үлесі – 24 пайыз. Мәслихаттағы 34 депутаттың 8-і – әйел. Ал қоғамдық кеңестегі қызметкерлердің 20 пайызы – нәзік жандар. Экономикалық қызметтегі белсенді әйелдер үлесі – 51 пайыз немесе 353 мың адам, соның ішінде 100 мыңнан астам өнеркәсіп кәсіпорындарында істесе, 90 мыңға жуық шағын және орта бизнес нысандарын әйелдер басқарады. Елордада 75 мың әйел медицина және өскелең ұрпақты тәрбиелеу саласында қызмет етеді. Сонымен қатар елордада мемлекеттік басқару органдарында әйелдердің де үлесі бар, атап айтқанда, бір басқарма басшысы, аудан әкімдерінің екі орынбасары, 18 басшының орынбасарлары – әйел азамат-

тар, – дейді аталған комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан.

Комиссия үкіметтік емес ұйымдармен, мемлекеттік органдармен, азаматтық қоғам институттарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, әлеуметтік-экономикалық блок бойынша бағдарламалар мен тұжырымдар әзірлеуге белсенді қатысып, өз бастамалары мен ұсыныстарын дайындайды, отбасы мүддесін қорғау мәселесін азаматтардың өтінімдерін назардан тыс қалдырмайды. Мәселелерді тереңірек зерттеу үшін комиссия жанынан үш жұмыс тобы құрылған. Бұл топтарда әйелдер көшбасшылығы, отбасы құндылықтары бойынша мәселелер қаралады. Топтардың басшылары тағайындалып, жұмыс чаты ашылған, Instagram және Facebook әлеуметтік желісінде жұмыстар есебі жарияланып отырады (aielder\_otbasy\_komissiasy\_ast, 3833-тен астам адам жазылған, 800-ден астам материал жарияланған), 50-ге жуық іс-шара жүзеге асқан.

– Біздің тарапымыздан отбасы мәртебесін арттыру, неке институтын нығайту, отбасы құндылықтарын насихаттау, жұмыс орны мен отбасында зорлық-зомбылықтың жолын кесу, халықтың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша ұсыныстар беру, халықтың өмір сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар кешені жүргізіледі. Елордалық комиссия ақпараттық және бағдарламалық сюжеттерге белсенді қатысып, ҚР заңдары саласындағы мәселелерді қарауда сарапшылық етеді. Қалалық басқармалар, үкіметтік емес ұйымдар және БАҚ-пен қатар ынтымақтаса жұмыс жүргізе отырып, өмірлік қиын жағдайға тап болған және көпбалалы отбасыларға психологиялық, заңды түрде, әлеуметтік көмек көрсетеміз, оларды дағдарыс орталықтары және «Жанұя» орталығында қабылдаймыз, – дейді комиссия хатшысы Қарлығаш Саркенова.

Қанатқақты жобаға 5 мектеп енді, олар – №6, 16, 24, 72, 79 мектептер. Комиссия ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына ерекше көңіл бөледі. Қаланың 5 ауданында, атап айтқанда, Қалалық әдістемілік орталықта, «Ұстаздар үйінде», №22, 54, 88 мектептер базасында тегін психологиялық-консультативтік көмек көрсету кабинеттері жұмыс істейді. Биыл 1 қыркүйектен бастап мектептердегі психологтар саны 200-ге артады. Қазіргі таңда 1200 психолог бар, әзірге 1000-1500 балаға 1 психологтан келеді.

Оқушылар, студенттер, пе-

дагогтардың және ата-аналардың көмелет жасқа толмағандар арасында құқық бұзу мәселелері бойынша педагогикалық және құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында және «Қауіпсіздік сағаты» қалалық жобасы шеңберінде Білім беру басқармасы мен осы комиссия бірлесіп 38 мектепте және 8 колледжде 46 іс-шара өткізді, оған 25 мың адам қатысты. Ата-аналар жиналысында отбасындағы тәрбие мәселелері, отбасының рөлі, көмелет жасқа жетпегендер арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы, жастар арасындағы есірткі профилактикасы, жасөспірімдер заң бұзушылықтарының кейбір түрлері бойынша ата-аналардың жауапкершілігі мәселелері көтерілді.

Осы жылдың өткен кезеңінде 45-тен астам әйелге құқықтық сипаттағы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, психологиялық көмек көрсетілді, 3 әйелге тегін адвокат көмегі беріліп, 5 әйел отбасында агрессияға тап болуына орай дағдарыс орталығына шұғыл оқшауландырылып, орналастырылды. «Хабар» телеарнасындағы ток-шоуда жүргізушілер абыюзер күйеуімен татуластырғысы келген 6 баланың анасы Гүлмира Смайловаға комиссия мүшелерінің мұрындық болуымен қайырымды азаматтардың арқасында қаржы жиналып, ол үш бөлмелі пәтерге ие болды. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан 200 балаға мектепке қажет оқу құрал-

дары берілді. «Үміт», «Қорғау-Астана», «Бақытты отбасы», «Аналар үйі», «Жанұя» дағдарыс орталықтарында әлеуметтік жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек, жұмысқа орналастыру, баспанамен қамту, балабақшадан орын беру, отбасылар мен балаларға психологиялық және заң тұрғысында қолдау көрсету мәселелері бойынша консультациялық кездесулер өткізілді.

Ағымдағы кезеңде тоқсан сайын комиссия отырыстарында көмелет жасқа толмаған балалар арасындағы суицидтің алдын алу, әкелер институтын нығайту, бала тәрбиесінде әкелер рөлін күшейту, балалар мен жасөспірімдер үшін шығармашылық үйірмелері мен спорт секцияларының қолжетімділігі, жасөспірім қыздарға медициналық қызмет көрсету, фертильді жастағы әйелдерге акушерлік-гинекологиялық қызмет жұмыстары бойынша мемлекеттік органдары өкілдерінің пікірі тыңдалды. Жаңа оқу жылының басынан бері қаланың білім беру ұйымдарында көмелет жасқа толмаған балалар арасында жыныстық қарым-қатынас туралы тәрбие беру бойынша 3000-нан астам түсіндіру іс-шаралары өткізілді. «ODARA» жүйесі бойынша тұрмыстағы зорлық-зомбылық тәуекелін бағалаудың халықаралық тегілі пилоттық тәртіпте енгізілді. Жалпы алғанда, комиссия қызметінің 2024 жылға арналған кешенді жоспары көптеген міндет-мақсаттан тұрады және олар жүйелі түрде жүзеге асып келеді.

**К**азақстанда ауыл шаруашылығы ғылымының негізі өткен ғасырдың 20-жылдары ғана қаланды. Алғашқы ауыл шаруашылық тәжірибе станциялары ашылып, ғылыми зерттеулер жасала бастады. 1920 жылы Орынборда «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы» құрылды. Ташкентте сол жылы Орта Азия университеті ашылып, қазақ жастарын оқытатын бөлім ашылды. Мұнда кейінірек Кәрім Мыңбаев білім алғаны белгілі. Осылардың бастауында алғашқыда славян ұлты зиялылары жүргенін мойындауымыз керек. 1932 жылы КСРО Ғылым академиясының қазақстандық базасы құрылып, 1946 жылы республикалық ғылым академиясына айналды. Республика академиясының іргесін қалаушылардың бірі де осы К.Мыңбаев болды.

Соғысқа дейін қазақ ұлтынан шыққан ауыл шаруашылық ғалымдары саусақпен санарлықтай ғана болды. Солардың бірі Кәрім Мыңбаев еді. 1941 жылы соғыс басталғанда, сол кездегі ортақ Отанды қорғауға қатысты. Ел қорғайтын соғыс техникаларын жасауға қажетті стратегиялық шикізат – каучук жасайтын көксағыздың жаңа түрлерін молынан өсірудің жолдарын зерттеді.

Ғалымның да ғалымы бар. Кәрім Мыңбаев қаны қазақ, жаны қазақ, отаншыл, ұлтшыл ғалым болды. Жүрегі қазағым деп соқты. Қайтсем еліме пайдамды тигізем деп еңбек етті.

К.Мыңбаев 1942-1944 жылдары Мемлекеттік жоспарлау комитетінде басшылық жұмыста жүргенде әріптестеріне Ертіс, Сарысу өзендерінің суын Бетпақдалаға бұру, Шардарда, Қапшағайда су қоймаларын жасау туралы идеяларын айтады. Бетпақдаланы суландырып, гүлдендіріп, 20 млн қой бағатын өңірге «Бақ далаға» айналдыруды армандағаны бәрімізге белгілі. Осындай жоспарларын іске асыру арқылы Кәрім республикада азық-түлік молшылығын жасауды ойластырған.

Академияның қазақ филиалдың басқарған (1944-1948) кезде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге білікті мамандар қажет болды. Кәрім Мыңбаев алғашқыда келешегінен үміт күттіретін А.Е.Еламанов, М.А.Ермеков, В.А.Бальмонт, Ю.Н.Барминцев сияқты ғалымдарды тартады.

Кәрім Мыңбаев филиалда қазақ ұлтының ғылыми кадрларын қалыптастыруға ұмтылды. Ол басқарған жылдары филиалдағы жоғары лауазымдағы адамдардың 80 пайызы қазақтардан құралды. Егіншілік, мал шаруашылығы, картоп шаруашылықтары ғылыми-зерттеу институттарының директорлары етіп Қылыш Бабаевты, Сапар Нұғмановты, Хасен Наурызбаевты тағайындады. Ежелден мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ ұлтының жастарына аспирантурадан көбірек орын беруге назар аударды.

К.Мыңбаев филиал басшылығы қызметімен қоса, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының селекция және генетика кафедрасы мен Қазақ мемлекеттік университетінің биология, топырақтану факультетінің дарвинизм және генетика кафедрасына меңгеруші болып, осы

салаға ғалымдар мен мамандар дайындау ісіне тікелей қатысты. Өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. 5 ғылым докторын, 40 ғылым кандидатын даярлады. 200-ден астам ғылыми еңбек жазған. Биология және агрономия ғылымдары саласында ірі теориялық және практикалық ұсыныстар жасаған. Ауыл шаруашылығы ғылымының негізін қалаушылардың бірі болды.

Қазақ, өзбек, орыс тілдерімен қатар, ағылшын, неміс тілдерін меңгерген Кәрім Мыңбаев білім-білігін еліміздің ауыл шаруашылығы салаларын зерттеуге, зерделеуге жұмсады. Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелеріне ғылыми-әдістемелік көмек беруге, республика үкіметіне ауыл шаруашылығының түрлі саласын, аймақтарды дамытуға арналған ұсыныстар берді.

К.Мыңбаев басқарған филиал ғалымдары биязы қазақ меринос қой тұқымын шығарғанда, оның жүнінің қасиетін білу үшін эксперимент ретінде Ленинградқа жүн жіберіп, одан дайын мата жасатып, Алматыда костюм тіктіреді де, оларды осы жұмысқа қатысы бар 4 адамға кигізеді. Бұл «қылмысты» қырағы көздер жоғары жаққа жеткізеді. Үкімет басшысының орынбасары мемлекет дүниесіне қол сұққан «кінәлілерді» шақырып алып, «бұлардың қалай?!» деп зіркілдейді. Сонда Кәрім Мыңбаев ешбір қаймықтастан, өзіне тән жігермен былай деп жауап береді:

«Ғылым құрбандықты қажет етеді, біз жаңа шығарылған қой тұқымы жүнінің маталық қасиеттерін анықтау үшін осындай әрекет жасадық. Бірақ оның еш айыбы жоқ. Бұл жаңалықтың жақсылығы да, жамандығы да,



ең алдымен, оны жасап шығарушыларға тиесілі емес пе?!» дейді. Жауаптың дәлелді, ғылыми негізде, үлкен сеніммен айтылғанынан сескенген орынбасар бірден райынан қайтып, әңгіменің артын жалпы ғылымның дамуына қарай өзгертеді.



## БІРТУАР ҒАЛЫМ, ДАРЫНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Алашорда үкіметі деп аталған қазақтың ұлттық мемлекетінің басшысы Әлихан Бөкейханов Қазақстанның жер асты мен жер үсті байлығы ұлттың игілігіне жаратылуы керек дей келе: «Қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуға тиіс» деген екен. Алаш қозғалысының қатарында болмаса да, олардың идеясын түсінген және қолдаған ғалым Кәрім Мыңбаев (1906-1948) қазақ даласының жер үсті байлығын ұлт мүддесіне жарату жолында аянбай еңбек етті.

ғылыми тақырыптық зерттеу жұмыстары тиянақты жүргізді.

К.Мыңбаев басшылық еткен тұста ВАСХНИЛ-дің қазақ филиалы шетелдермен ғылыми байланыстарды жолға қоюға әрекет жасады. Моңғолиядан түйе, жылқы және қойдың тұқымдарын сатып алу, Австралиядан бірнеше жүз жіңішке жүнді және меринос жүнді қойлар сатып алып, олардың Қазақстан табиғатына қарай бейімделуі жағдайларын зерттеу, малдардың осы тұқымдарын асылдан-дыру тәжірибелеріне пай-

далану туралы республика басшылығына ұсыныстар жасады.

Қытай, Моңғолия, АҚШ пен Аргентина елдеріне ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыстар бойынша тәжірибе алмасу мақсатында ғалымдардың іссапарларын ұйымдастыру мәселесін Үкімет алдына қойды.

Ветеринария саласы бойынша Африка, Америка, Австралия, Англия елдері ғалымдарының малдардың жұқпалы ауруларымен күресу әдістерімен танысу және шетел ғалымдары жасаған ең жаңа дәрі-дәрмек түрлерін сатып алуды көтерді.

Шетелдерден ауыл шаруашылығы дақылдарының, көкөністер мен бау-бақша дақылдарының тұқымдарын сатып алу, тәжірибе жасайтын жаңа зертханалық құрал-жабдықтар, өсімдіктерді құртатын зиянкес жәндіктермен күресу әдістерімен танысу, ғылыми-техникалық деректі фильмдер сатып алу, ауыл шаруашылығы ғылымы бойынша шетелдерден ғылыми журналдар жаздыртып алуды қамтамасыз ету мәселелерін көтерді.

Кәрім Мыңбаев ғылыми жұмысты республика Ауыл шаруашылығы министрлігімен тығыз байланыста жүргізіп, олардан әрқашан қолдау алып отырды. К.Мыңбаев барлық облыстан филиалдың тәжірибе станцияларын құрды. Солардың бірі Шортандыдағы станция еді, кейін оны академик Ба-

раев және Мехлис Сүлейменов басқарып еді.

“

Соғысқа дейін қазақ ұлтынан шыққан ауыл шаруашылық ғалымдары саусақпен санарлықтай ғана болды. Солардың бірі Кәрім Мыңбаев еді. 1941 жылы соғыс басталғанда, сол кездегі ортақ Отанды қорғауға қатысты. Ел қорғайтын соғыс техникаларын жасауға қажетті стратегиялық шикізат – каучук жасайтын көксағыздың жаңа түрлерін молынан өсірудің жолдарын зерттеді

раев және Мехлис Сүлейменов басқарып еді.

Кәрім Мыңбаев өзінің «Бетпақдала шөлі» кітабында Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтарын 5-15 жыл ішінде игеріп, шаруашылық қажеттеріне жаратуға болатыны туралы ұсыныс білдіреді. Ғалым сол кезде мемлекеттік жер қорында мал бағуға және жем-шөп дайындауға болатын жердің 85 пайызы пайдаланылмай жатқанын көрсетеді.

К.Мыңбаев Бетпақдаланы зерттеуге «КарЛАГ» шаруашылығын тартуды ұсынады, өйткені онда әртүрлі себеппен ауыл шаруашылығы саласының айтулы ғалымдары қамауда отырған еді. Сонымен қоса «КарЛАГ»-та түрлі зерттеу жүргізуге қажет жақсы жабдықталған зертханасы болды.

Кәрім Мыңбаевтың басшылығымен еліміздің егін және мал шаруашылығы институттарындағы ғылыми-тәжірибелік жұмыстардың бағыты дамудың интенсивті арналарына негізделіп, қайта жасалды.

Ғалымның тікелей араласуы және ұйымдастыруымен республикадағы мал шаруашылығының өркендеуінде үлкен маңызға ие болған ғылыми мекемелер құрылды. Бетпақдалада тәжірибе стансасын құрды.

Зерттеу нәтижесі бойынша жазған «Бетпақдала шөлі» атты ғылыми еңбегінде К.Мыңбаев: «Бетпақта жайылым бар. Жер бетіне жақын 3-9 метр тереңдіктегі жер асты суларын мал суаруға пайдаланып, мыңғыртып мал өсіруге және егін шаруашылығымен де шұғылдануға болады» деп көрсетті.

1947-1948 жылдары білікті ғалым ретінде Ауыл шаруашылығы министрлігі комиссиясының мүшесі қызметін қоғамдық негізде, яғни тегін атқарып отырды. Осылайша:

– Оңтүстік Қазақстан аймағында шина жасау шикізаты – каучук өндірілетін негізгі өсімдіктердің гендік қорын жасады.

– Ғалымның ұйымдастыруымен республика мал шаруашылығы өркендетуге маңызды зор жаңа екі мекеме – Ауыл шаруашылығын механикаландыру мен электрлендіру және Ветеринария институттары ашылды.

– Бетпақдалада мал шаруашылығы мен егіншілікті дамыту жолдарын, шөл және шөлейт жерлерге бейімделген мал тұқымдарын, оның ішінде еділбай, қаракөл, гиссар, шу қойларын, адай, жергілікті қазақ жылқыларды, қазақ, моңғол түйелерін өсіруді ұсынды.

– Жер ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғаудың маңызын зерттеуге көңіл бөлді. Дәнді дақылдар көлемін арттыру Қазақстанның болашақта ауыл шаруашылығы саласын дамытуға негіз болатынын негіздеді.

– Егіншілікті кәсіп ететін шаруашылықтарға астық үшін бидай өсіруге басымдық жасауды, тарыға, малға азық, жем болуы үшін торақты, қандым, сексеуіл, жиде, жаңғыл, тобылғы егу керекін ұсынды.

Осылайша 42 жылдық қысқа ғұмырында елі үшін мол ғылыми мұра қалдырған, тағалымды өмірі ұрпаққа үлгі болар қайраткердің есімін жаңғырту – бүгінгі жастардың парызы.

Сейітқали ДҮЙСЕН,  
тұлғатанушы ғалым

# ЕЛГЕ ҮЛГІ ӘДІЛБАЕВТАР ӘУЛЕТІ

Шапағат ӘБДІР

Әулеттің отағасы Жасұлан Шыңғысұлы отбасының ұйытқысы – береке. Ерлі-зайыпты бірін-бірі толықтырып отырғанда ғана бүтін отбасы шығады деген ұстанымда. Сондай-ақ ол ерлі-зайыпты домбыраның қос ішегі немесе құстың қос қанаты сияқты бір-бірінен айырыла алмайтынды болғанда ғана шаңырақ шайқалмай, шаттыққа толатынын айтады.

– Мен Құдай қосқан қосағым Жазира Бауыржанқызымен 2005 жылы 25 қарашада Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Жаңаталап ауылында отау құрдым. Содан бері 19 жыл уақыт аралығында 5 ұл, 2 қызды дүниеге әкеліп, өсіріп, тәрбиелеудеміз. Ал Астана қаласына 2019 жылы қоныс аудардық. Елорда төрінде ұл-қыздарымыз сапалы біліммен қатар спорт, өнер үйірмелеріне қатысып, биіктен көрініп жүр. Өзім №42 орта мектепте дене шынықтыру пәні мұғалімі болып жұмыс атқарамын, жолдасым да педагогика саласында 10 жылдан аса жұмыс атқарды, қазіргі уақытта қосымша жеке кәсіппен (азық-түлік дүкені) айналысып жүр. Отбасымызда ұлттық құндылықтарды басты назарда ұстанамыз. Үлкен ұлым Ерұлан қазақ күресінен спорт шеберлігіне үміткер, қыздарым Ақниет пен Инжу тоғызқұмалақ ойынынан жүлдегер, Сауран домбыра, фортепиано үйірмелеріне қатысса, Нұрмағамбет, Асыл, Арман ұлдарым – ұлттық асық ату ойындарының жеңімпаздары. Асыл қосымша актерлік дәстүр, ұлттық тағамға жақын болғанымыздың нәтижесі болса керек, – дейді Жасұлан Әділбаев.

Ал отбасының отын түтетіп, шаңырағын биік көтеріп отырған Жазира Сәтімбекова балаларды тәрбиелеуде ата-ана рөлінің өте жоғары екенін, баладан бұрын алдымен өзін тәрбиелеген ата-ана ғана қоғамға сапалы ұрпақтың үлгісін көрсететінін айтады.

– Қазақ халқы отбасы құндылығына ертеден-ақ ерекше мән берген. «Отбасының өнегесі – Отан өнегесі», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген сияқты мақал-мәтелдер соның айғағы. Яғни ұлттың өзгеден ерекшелігі, оның болмысын сақтауда отбасының рөлі бірінші орында тұрған. Сондықтан біз балаларға қазақы тәрбие бер-

Осыдан бір ғасыр бұрын Алаштың ардақты перзенті Ахмет Байтұрсынұлының «Әлхамдулилла, 6 миллион қазақпыз!» деп дүйім елден сүйінші сұрайтыны бар еді ғой. Шүкір, бүгінде 20 миллионнан астың құдай көп көрмесін дейміз, әлбетте. Халық санының өсуіне алын құрсақты аналарымыздың үлесі зор деуге болады. Бір шаңырақта 6-7 бала өсіріп, қатарға қосып, оқытып, тәрбие беріп, шып-шырғасын шығармай берекелі отбасы болып отырған көпбалалы ата-аналар қазіргі жастардың нағыз үлгісі болуға тиіс. Дәл осындай шаңырақтың бірі – «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы Әділбаевтар әулеті.



гіміз келсе, алдымен өзімізді қазақы болмысқа келтіруіміз керек. Біздің үйдегі отағасы балаларына ешқашан ұрысқан емес. Оларға жай ғана сөзбен айтады. Аллаға шүкір, балалардың барлығы еңбекқор, білімді болды. Сонымен қатар жұбайым екеуміздің де ұстаздық жолда болғанымыз, бірге еңбек еткеніміз өмірімізде ешқандай қиындық тудырған емес. Біз әрқашан бір-бірімізді түсіне білдік және қолдай алдық. Шаңырағымыздың көркейіп, гүлденуі – соның нәтижесі, – дейді Жазира Бауыржанқызы.

Иә, отбасы – кез келген мемлекеттің тірегі, ұрпақ тәрбиесінің негізі. Туған елге, жерге деген сүйіспеншілік отбасынан бастау алып, қалыптасады. Мемлекет тарапынан қолға алынып отырған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы да қажырлы еңбек, өнегелі тәрбие, ізгі дәстүр сабақтастығын лайықты жалғастырып келе жатқан отбасыларды үлгі етуді көздейді. Сондықтан аталған байқауға қатысқан әр жанұя түрлі салада жетістікке жетіп, әулет абайройын асырып, құрметке бөленіп жүр. Олардың жарасымды сыйластығы мен шынайы отбасы қарым-қатынасы баршаға үлгі-өнеге екені баршаға аян.

Бір қызығы, Әділбаевтар әулеті ешқашан да «Мерейлі отбасы» болмасына қатысып, жеңімпаз атанамыз деп ойламаған екен. Тіпті әр отбасында балаға берілетін тәрбие

қоғамнан қайырым немесе марапат алу үшін жасалмауы керек деген ұстанымды берік ұстанған Әділбаевтар шаңырағы ұлттық құндылықтарды негіз етіп, ата дәстүріміз аясында отбасы құндылықтарына көңіл бөлу ата-ананың да, баланың да болашағын жарқын ететініне сенімді.

– Әрине, біз басында бұл конкурсқа құжаттар жинай бастағанымызда жүдделі орыннан көрінеміз деп ойламадық. Ондайды күтпедік де. Алайда конкурс қазылары бағалауының арқасында жүлдеге иістік. Оның өзін сахнаға шығар кезде ғана білдік. Меніңше, барлық қатысушыны бағалау барысында қазылар алқасы отбасындағы бала саны, олардың жетістігін ескерген сияқты. Ал біздің жүлдеге иінуімізге отбасымыздағы ұлттық құндылықтарды сақтауымыз және дәріптеуіміз басты өлшем болды деп ойлаймын, – дейді Ж.Әділбаев.

Жалпы бұл отбасы көбінде спорт ойындары арқылы, оның ішінде ұлттық спорт түрлері арқылы танымал десек болады.

«Егіз ұлдарымыз Асыл мен Арман былтыр 3-сыныпқа көшіп, асық атудан чемпион атанды. Мұның өзі де олардың қазақы тәрбие алғанының көрінісі болса керек. Оның үстіне, біз отбасында қазақша сөйлеп, қазақ тілін маңызды орынға қойғанымыздан болар, балаларымыздың бәрі де қазақша сөйлейді. Сонымен қоса басқа тілдерге де жеттік» деп өз

отбасындағы тәлім-тәрбиенің жолы туралы айтқан Ж.Әділбаев отбасында ұлттық спортпен айналысып, балаларын соған баулып, асық ату дамытудағы мақсат ең алдымен балалардың назарын табиғи ойындарға аудару екенін айтады.

– Асық ату көру қабілеті мен қол моторикасының дамуына ықпал етеді. Бүкіл дененің қозғалысын қамтитын бұл ойын балаларға физикалық тұрғыдан пайдалы. Енді бір жағынан мұндай ұлттық ойындарымызды дамыту арқылы, оған балаларды баулу арқылы біз оларды телефоннан алшақтатамыз. Бір сәтке болса да мының тынығуына ықпал етеміз. Жалпы мен баланы тәрбиелеуді кездейсоқ қалдыру керек дегенмен келіспеймін, өйткені ол әртүрлі жағымсыз әсерге ұшырауы мүмкін, оған қолдау көрсететін және дұрыс әрекетке шабыттандыратын жолды көрсету маңызды деп есептеймін, – деген Жасұлан Әділбаев әр отбасынан қазақтың мәдениеті мен әдет-ғұрпының иісі аңқып тұру керек деп сөзін түйіндеді.

Иә, «Отан – отбасынан басталады» деген ұлағатты ұғымының да мән-мағынасының терең екенін біз де Әділбаевтар шаңырағынан ұғынғандай болдық. Қазақы дәстүрдің қаймағын бұзбай, балаларының сана-сезіміне өз ұлтының мінезі мен бітім-болмысын сіңіре алған отбасыдан ғана ертең ұлттық деген ұлдар шықпақ.



## СӘКЕНТАНУ САЙЫПҚЫРАНЫ

Ұлттық академиялық кітапханада әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының туған күніне орай «Сәкентану сайыпқыраны» атты әдеби іс-шара өтті. Оған белгілі қаламгерлер, ғалымдар, ұстаздар қауымы, ғалымның шәкірттері жиналып, әдебиеттануға, қоғамның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелеп, жарқын естеліктерді жаңғыртты.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Офлайн және онлайн форматында өткен жиын тізгінін ұстаған шәкірттерінің бірі, белгілі ақын, Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы Тұрсынбек Кәкішұлының туған күні келгенде оны аталмыш кітапханада еске алу дәстүрге айналғанын, ғалым өмірден өткелі есте сақтау мақсатында жүзеге асырылған істерге, алда атқарылуы тиіс шараларға тоқталды. Атап айтқанда, ол жұмыс істеген Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аудитория ашылды, елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада атына «Ғалым» залы, көше мен мектеп берілді.

Тұрсынбек Кәкішұлы бозбала шағында қазіргі Астана – кешегі Ақмолада театрда 10 ай актер болып жұмыс істеген. Енді М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрына бұл жөнінде ескерткіш тақта орнату қолға алынып жатыр. Алда тұлғалық энциклопедия дайындау, жарық көрмей қалған еңбектерін басып шығару, аз тиражбен шыққан «Мағжан-Сәкен», басқа да осы сияқты кітаптарды қайта басу міндеті тұр.

Қарағандыдан онлайн қосылған филология ғылымдарының докторы Жандос Смағұл Тұрсынбек Кәкішұлының ғылымға қосқан үлесі туралы айтып, ол әдебиет-

тану мен әдеби сында тұтас мектеп қалыптастырғанын атап өтті. Соңында қаншама шәкірт қалдырғанын, олардың кейбірі қазір үлкен ғалымдарға айналғанын айтты. Оның сөзін жалғастырған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Рахымжан Тұрсынбек адами, азаматтық келбетіне тоқталып, қоғамдағы өзекті мәселелерге сергек қарағанын, еңбектерінің мазмұны мен мән-мағынасы жайында әңгімеледі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының доценті Шокан Шортанбай Тұрсынбек Кәкішұлының Мұсағалиев жасаған экспедиция барысын еске алды.

Жазушы Төкен Әлжантегі, ғалымдар Гүлмира Әшірбекова мен Лияс Рысбекұлы, ақын, тарих ғылымдарының кандидаты Сұраған Рахметұлы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы Серікзат Дүйсенғалиев атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрына бұл жөнінде ескерткіш тақта орнату қолға алынып жатыр. Алда тұлғалық энциклопедия дайындау, жарық көрмей қалған еңбектерін басып шығару, аз тиражбен шыққан «Мағжан-Сәкен», басқа да осы сияқты кітаптарды қайта басу міндеті тұр.

Қарағандыдан онлайн қосылған филология ғылымдарының докторы Жандос Смағұл Тұрсынбек Кәкішұлының ғылымға қосқан үлесі туралы айтып, ол әдебиет-

жарық көрген кітаптар тарихы, кітаптың құндылығы, Алаш қайраткерлері туралы және олардан бізге жеткен асыл сөз, философиялық ойлары туралы, тарихи-танымдық мазмұнда жазылған кітаптардың авторлары хақында көп әңгімелеп беремін. Бұл олардың кітапқа деген құштарлығын тіпті де арттыра түседі, – дейді аталған орталықтың қазақ тілі оқытушысы, психолог, жазушы, ғалым Маржан Пірімбетова.

Шын мәнінде, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында оқырмандар кітап оқып қана қоймайды.

Оларға «Тұлғатану және салт-дәстүр» бағдарламасымен қазақ тілі сабағында тіл мәдениеті, ұлттық құндылықтар, ұлттық идеология, салауатты өмір салты, ұрпақтар тәрбиесіндегі ата-әже мектебінің рөлі, қоғамдағы қарым-қатынас мәдениеті, тағы басқа көптеген адамзат үшін құнды тақырыптар аясында дәрістер оқылады.

Зейнет жасындағы қызмет алушылар мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қамқорлыққа және аталмыш орталықтағы қызмет беруші мамандардың қызметіне дән риза екенін айтады.

## КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

Жуырда Астана қаласы әкімдігінің Байқоңыр ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының кітапханасында кезекті рет «Кітап оқитын ұлт» акциясы өтті.

Ұйымдастырушылар 4 мыңдай кітап қоры бар рухани орталықта айына бір рет кітап оқу мәдениетін арттыру мақсатында барлық қызмет алушы бір күнін кітап оқуға арнайтынын айтады. – Біздің кітапхананың оқырмандары, негізінен, егде жастағы адамдар. Олар кейде қасына немерелерін ертіп келіп кітап оқып, соның мазмұнын өзара талқылап

жатады. Бұл, шын мәнінде, ұрпақтар сабақтастығының өдемі бір көрінісі әрі отбасы құндылығы мен ұлт руханиятының бір-бірімен байланысуы. Сондай-ақ кітапхана оқырмандарын жалықтырмау мақсатында мен өз басымнан өткен тәжірибелеріммен қатар оқыған кітаптарымыздың мазмұнымен бөлісіп отырамын. Әсіресе адамзат тарихындағы алғашқы



Елордада бұқаралық спортқа сұраныс артып, спорт ойындары мен жекпе-жек түрлеріне қызығатын жастар көбейіп келеді. Жеңіл және ауыл атлетика, гимнастика залына баратындар саны артты. Бұқаралық спорт жоғары жетістіктер спортын қозғаушы күш десек, Астанада болашақ Олимпиада чемпиондары өсіп келеді. Жалпы спорт инфрақұрылымы деңгейі, спортпен қамтылу деңгейі туралы ізденіп көрдік.

## АСТАНА – СПОРТ ҚАЛАСЫ

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

**А**станада бұқаралық және жоғары жетістіктер спортын ілгерілетуге Дене шынықтыру және спорт басқармасы жауапты. Басқарма жанында 19 ведомстволық бағынысты мекеме жұмыс істейді. Атап айтқанда, 10 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Елорда» спорт клубы, спортты дамыту дирекциясы, жоғары спорт шеберлігі мектебі, спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы, олимпиадалық резервті дайындау орталығы мен «Дәулет» теннис орталығы, спорт-медицина орталығы, «Арғымақ» ат спортымен сауықтыру кешені және мемлекеттік спорт тапсырысын іске асыру жөніндегі дирекция кіреді.

– Жасөспірімдер мен жасөспірімдер спорт мектебінде спорттың 74 түрі (38 олимпиадалық, 15 олимпиадалық емес, 4 ұлттық, 17 мүгедек) бойынша 8715 оқушы жаттығады. Оларды 396 жаттықтырушы спортқа баулиды. Астана қаласы құрама командасының құрамына 312 спортшы енесе, оның 173-і

олимпиадалық, 80-і олимпиадалық емес және 59-ы мүгедектер спортына жатады. 2024 жылдың 7 айында қала спортшылары 1113 түрлі деңгейдегі спорт санатына ие болды. Мәселен, 3 спортшы Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері атанса, халықаралық дәрежедегі спорт шебері – 38, Қазақстанның спорт шебері – 180, спорт шеберлігіне үміткерлер 891 адамды құрады. Елордалық спортшылар республикалық және халықаралық жарыста 3395 жеңіске жетті. Оның ішінде алтын медаль – 1246, күміс – 980, қола – 1169, – деді басқарманың спорт бөлімінің басшысы Азамат Ағзамов.

Астана – спортшылардың қаласы. Бүгінде елішілік және

халықаралық деңгейдегі түрлі марафон тұрақты өтіп келеді. Оған қатысатын адамдар саны жыл өткен сайын артуда. Мұның бәрі спорт қозғалысының дамуына әсер етіп, спорт кешендеріне баратын жас спортшылардың саны артуда.

– Елордада дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде 551692 адам айналысады, бұл жалпы халықтың 39,1 пайызын құрайды. 1081 дене шынықтыру-сауықтыру үйірмелері жұмыс істейді. 2024

жылдың 7 айында күнтізбелік жоспарға сәйкес 343 іс-шара өткізілді. Оның 36-сы – халықаралық, 76-сы – республикалық, 231-і – қалалық деңгейдегі турнирлер, – дейді А.Ағзамов.

Бұқаралық және жоғары жетістіктер спортының дамуында спорт инфрақұрылымы шешуші рөл атқарады. Басқармаға «Жеңіс», «Толқын», «Барыс», «Дәулет» спорт орталығы, «Арғымақ» ат спорт кешені қарайды. Астана қаласы бойынша 1000

адамға шаққанда халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі орташа есеппен 34,25 пайызды құрайды. Республика жағдайында елорда 20 аймақтың ішінде 17-орында тұр.

Елордада 600-ден астам спорт ғимараты жұмыс істейді. Оның ішінде 34 ірі нысан: Алматы ауданында – 7, Есілде – 2, Нұрада – 15, Сарыарқада – 8, Байқоңырда – 2. 2024 жылдың қараша айында Алматы ауданындағы Железнодорожный тұрғын алабында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін пайдалануға беру жоспарлануда.

## ТАЗАЛЫҚ БАРШАҒА ОРТАҚ

ЭКСПО аумағында Funny Sport іс-шаралары марафоны аясында «Skipping» атты жарқын турнир өтті. Шараға қала тұрғындары мен қонақтары белсенді қатысты.

15:00-де басталған арқанмен секіру турнирі екі сағат ішінде ашық ауада көптеген қала тұрғынын жинады.

– Іс-шара балалар үшін де, ересектер үшін де қызықты өтті. Скипингтің басты ерекшелігі – оның қолжетімділігі: спортпен шұғылдануды бастау үшін тек ыңғайлы жер мен спортқа қатысты құралдар болуы қажет. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Green Case Group креативті компаниясы ұйымдастырған Funny Sport марафоны қала тұрғындарын аптаның сенбі және жексенбі күндері қызықты әрі пайдалы спорт іс-шараларымен қуантуды жалғастыруда. Марафонның әрбір іс-шарасы салауатты және белсенді қоғамдастықтың қалыптасуына ықпал ете отырып, қала тұрғындарының денсаулығын нығайтуға және дене белсенділігін арттыруға бағытталды, – деді іс-шара ұйымдастырушысы Жамиля Федосова.

Сондай-ақ Триатлон саябағында баскетболдан жастарға арналған ашық жаттығу өтті. Тек Қазақстанда ғана емес, ВТБ бірінғай лигасында шетелдік клубтармен шеберлік байқасып жүрген «Астана» баскетбол клубының ойыншылары елорда жастарының шеберлігін арттыру мақсатында ашық кездесу ұйымдастырды.

Шара барысында кәсіпқой баскетболшылар пайдалы кеңестер беріп, дұрыс секірудің әдісін көрсетті.

Екі іс-шараның соңында ұйымдастырушылар «Таза Қазақстан» акциясының маңызын түсіндіріп, қоршаған ортаны таза ұстауға шақырды.

## ПАРАЛИМПИАДАШЫЛАР ПАРИЖГЕ АТТАНАДЫ

Париж Олимпиадасының байрағы түсіп, жетістігімізге қуанып, кемшілігімізді саралап жатқанда, паралимпиадашылар байрақты бәсекеге дайындығын пысықтап, турнирде топ жаруға барын салады. Біз елордалық параспортшылар туралы сөз етпекпіз.

28 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында Парижде XVII Паралимпиада ойыны өтеді. Қазақстан ұлттық құрама командасында 9 спорт түрінен 33 лицензия бар. Атырау облысының спортшылары 8 жолдамаға ие болса, Астанада – 5, Жамбылда – 4 лицензия. Қалған 9 өңірдің спортшылары 1-3 лицензиядан алды.

– Ұлттық құрама қатарында үш спорт түрінен астаналық 5 спортшымыз Паралимпиада ойындарында бақ сынады. Атап айтатын болсам, пара оқ атудан Севда Алиева, пара жүзуден Сиязбек Дәлиев, пара дзюдодан Ақмарал Науатбек,

Ерғали Шәмей, Бауыржан Арыстанбеков. Бұл нәтиженің барлығы – жаттықтырушылар мен спортшылар еңбегінің арқасы. Паралимпиада ойындарына жолдама алу үшін спортшылар халықаралық жарыстарда сынға түсіп, жүлделі орын алудың нәтижесінде ғана лицензияға қол жеткізді. Спортшыларымызға Астана қаласы әкімдігі мен Туризм және спорт министрлігі тарапынан қолайлы дайындық үшін қаржы жағдай жасалды; фармакология, ай сайын берілетін қаражат, оқу-жаттығу жиындары, спорт киімдері мен инвентарлары 100 пайызға қамтамасыз етілді. 5 спорт-

шымыздың жеке бапкерлері Паралимпиада ойындарына бірге баруына ұйымдастырылды. Спортшылар мен жаттықтырушыларға енді тек нәтиже көрсету керек, – деді елордалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы спорт бөлімінің басшысы Азамат Ағзамов.

Параспортшылар арасында атақ-даңқы шыққандар да, халықаралық жарыстарға енді қатысатындар да бар. Мәселен, пара жүзуден Азия ойындарының жеңімпазы Сиязбек Дәлиев Париждегі турнирде екі қашықтықта жарысқа шығады. Біріншісі – 50 метрге шалқаман жүзу, екіншісі – 50 метр



баттерфляй. Белгілі спортшылар арасында Ақмарал Науатбек бар. 24 жастағы пара дзюдошы Азия ойындарының жеңімпазы,

екі рет әлем чемпионы атанды. Одан бөлек, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Бауыржан Арыстанбеков, Севда

Алиева, Ерғали Шәмей сынды ерік-жігері мықты, күш-қайраты келіскен атлеттер ел намысын қорғайды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –  
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың  
орынбасары –  
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №98

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:  
010000, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-tekla@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС